

СПОРТ БАСШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕҢІСТЕРІ

Сәуір айының 24-25 күндері Қарағанды қаласында облысымыздың спорт ұжымдарының қызметкерлері арасында ІІІ - турнир ұйымдастырылып өткізілді. Аталған шара спорт мектептерінің арасындағы байланысты нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады.

Екі күнге созылған спорт додасына Қарағанды облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасына қарасты 40-тан астам меке-

ме, ұйымдардан 424 адам қатысты. Спорт мектептерінің қызметкерлері садақ пен асық ату, бес асық, дартс, дойбы, волейбол, үстел теннисі, бадминтон, жеңіл атлетика және арқан тартыс түрлерінен өткізілген біріншіліктерінде өзара күштерін сынасты.

Жарыс барысында Ақадыр кентіндегі балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің басшысы Жан-асылов Біржан садақ ату-дан бірінші орын алса, оның

әріптесі, Ақсу-Аюлы ауылы спорт мектебінің директоры Сағындық Қанат үшінші орынға табан тіреді. Ал енді осы екеуінің тағы бір әріптесі, С.Сейфуллин кентінің басшысы Омаров Кайрат дойбы ойынынан жүлделі үшінші орынды иеленді.

Жерлестерімізді жеңістерімен құттықтайық!

**Өз тілшімізден.
Ақадыр кенті.**

